


Бекітемін:   
«Күншуақ» жеке меншік  
бөбекжай- балабақшасы»  
мекемесінің әдіскері  
А.Ә.Жақсылықова

# "Тіл-татулық тірегі!"

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті)



Тәрбиеші Орысбаева А

Таушық ауылы, 05.09.2025 жыл.

**Мақсаты:** Балаларға ана –тілі туралы түсінік беру,білімін жетілдіру.Өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру,ой –өрісін дамыту, сөздік қорын дамыту.Туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

**Хор:** Әнұран.

**Шаттық шеңбері:** Арайланып таң атты.  
Алтын шуақ таратты,  
Армысың көк аспан!  
Армысың Алтын күн!  
Армысың Жер ана!  
Армысыңдар достарым!

Сұрақ-жауап:

- Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?
- Күзде неше ай қонақта болады?
- Күз айларын ата?
- Күз ерекшелігін ата?

«Болашағым ,бақытым дара тілім» –дей отырып, Тіл-татулық тірегі!  
тақырыбында оқу қызметімізге балалар тақпақтар айтады:

*Күнтай*

Ана тілім –елдігім  
Ана тілім –ерлігім  
Тілді биік құрметтеп  
Тойлап жатыр ел бүгін.

*Айзере*

Сүйесің өз тіліңді  
Боласың білімді.

*Айназым*

Ана тілің біліп қой.  
Еркіндігің теңдігің,  
Ана тілің біліп қой  
Мақтанышы елімнің.

*Бекнұр*

Тілім барда мақтанам  
Тілім менің аппақ ән.  
Бірлігімді бүгінгі  
Ана тілім сақтаған.

**Тәрбиеші:** — Балалар біз қай елде тұрамыз?  
— Қай тілде сөйлейміз?

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар, бір сергіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Құс болып ұшамыз,  
Кеңге қанат жайамыз  
Бір –отырып, бір тұрып  
Бұталарға қонамыз.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** балалар отбасы, Отан туралы, үй жануарлары туралы, ойнайтын ойыншықтар арқылы дұрыс сипаттай білу керек.

**Түсіну:** Мынау ше? Қандай? Қанша сұрақтарына жауап беру.

**Қолдануы:** Қазақ тіліндегі тақпақтың мағынасын түсіне білу.





ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

ТІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ!



ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

ТІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ!



ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

ТІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ!